

# Өмірі өнегеге толы

Елбасы «Зияткерлік ұлт – 2020» ұлттық жобасы идеясын алға қоя отырып, еліміздегі университеттер алдына әлемдік стандарттар деңгейіне жету, әлемдік рейтингтерге кіру міндетін жүктеді. Жәңгір хан атындағы БҚАТУ да аталған талап-тілектерді ескере отырып, республикалық білім беру кеңістігінде өз ұстанымын нығайтуды жалғастырып келеді.

Жарты ғасырлық тарихы бар университетіміз өз мерейтойын өзіндік дәстүрлері қалыптасқан, жоғары халықаралық беделі бар оқу орны ретінде қарсылауда.

Еліміздегі жетекші университеттер қатарындағы оқу орнының даңқын асыруға, білім мен ғылымның деңгейін арттыруға университет басшылығы және қызметкерлерімен қатар бірнеше жылдар аянбай еңбек еткен ардагер-ұстаздардың да атқарған еңбегі, қосқан қомақты үлесі зор.

1970 жылы А. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын бітірген соң, еңбек жолын Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының философия кафедрасынан бастағандардың бірі – Софья Ищанова. Ол жастарды адамгершілікке баули отырып, өмірінің 42 жылын осы білім ошағына арнады. Софья Жүнісқызынан білім алған студенттер қатарынан бүгінде университетіміздің құрметті ұстаздарының са-

натына қосылған Б.Траисов, Е.Насамбаев, Р.Ширванов, ағайынды Жапаровтарды ерекше атауға болады.

Ізденуен талмайтын, әлі де студенттер ортасынан табылып жүрген ұстаз-ардагер Мақпал Қалышқызы 1982 жылы өз қызметін зертханашылықтан бастаған. Қазір Қазақстан тарихы және философия кафедрасының аға оқытушысы М.Қалышқызы басқаға да, өзіне де талап қойғыш мінезінен таймай келеді. Ұстаз студенттердің пәнге қызығушылығын арттыру, олардың бойында отансүйіштік сезімді қалыптастыру мақсатында өлкетанулық материалдар – «Естеліктер альбомын» жинақтауды дәстүрге енгізген.

Тағылымы мол ұстаз, нәтижелі ғылыми-педагогикалық еңбектері үшін көптеген марапаттар мен төсбелгілерге ие болған Тілекжан Рысқалиев те – мақтауға лайық жан. «Қазақтың Сократы» атанған ғалым қазақ философиясының

экзистенциалдық сипатын ашуға бағытталған өзіндік бағытты қалыптастырушы болып табылады. Қаламыздағы филология мектебін құрушылар да – осы кісінің шәкірттері. Білім мен ғылым саласында университет деңгейінде ғана емес, республикада да шоқтығы биік ғалым ретінде Т.Рысқалиев мәселені ашуда тереңдік пен көпшілік оқырманға жетерліктей түсіністікті ұштастыра біледі.

Құрметті демалысқа шыққаннан кейін де сүйікті істерінен жалықпаған Софья Ищанованың, Мақпал Қалышқызының, Тілекжан Рысқалиевтің білім мен болашақ үшін сіңірген ерен еңбектері ұшан-теңіз. Өмірі өнегеге толы осындай ұстаздары бар іргелі білім ордасының даңқы асқақтай берері сөзсіз.

**Жанат ҒАЛИЕВА,**  
**Жәңгір хан атындағы**  
**БҚАТУ-дың аға**  
**оқытушысы**